

ДАЛА ӨРТІ — ҮЛКЕН ҚАУІПТІҢ БАСТАУЫ

Жаз мезгілінің келуімен бірге ауа температурасының жоғарылауы, құрғақ шөптердің көбеюі және желдің күшеюі дала өртінің қаупін арттырады. Дала өрті — табиғатқа ғана емес, елді мекендерге, шаруа қожалықтарына, мал мен адам өміріне үлкен қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың бірі.



Көп жағдайда дала өрттері адамдардың салғырттығынан туындайды. Атап айтқанда, сөндірілмеген темекі тұқылы, табиғат аясында отты абайсыз пайдалану, қоқыс пен құрғақ шөпті өртеу, демалыс орындарында қауіпсіздік талаптарын сақтамау өрттің шығуына себеп болады. Кей кездері балалардың отпен ойнауы да қайғылы жағдайларға әкеліп жатады.

Далалық өртінің қауіптілігі — оның өте жылдам таралуында. Әсіресе желді күндері жалын қысқа уақыт ішінде үлкен аумақты шарпып, тұрғын үйлерге, шаруашылық құрылыстарына және электр желілеріне дейін жетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда өртті ауыздықтау қиындап, үлкен материалдық шығындар болады. Хромтау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі аудан тұрғындарын өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырады.

Табиғат аясында демалу кезінде отты арнайы орындарда ғана жағып, кетер алдында толық сөндіру қажет. Шыны бөтелкелер мен жанғыш қалдықтарды далада қалдыруға болмайды. Құрғақ шөп пен қоқысты рұқсатсыз өртеу заңмен тыйым салынғанын еске саламыз. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу кезінде де қауіпсіздік шараларын сақтау маңызды. Техника құралдарының жарамдылығын бақылап, өрт сөндіру құралдарын дайындап қою қажет.

Өрттің алдын алу — әр азаматтың міндеті. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы табиғатты, қоршаған ортаны және адам өмірін сақтап қалуға болады. Өрт немесе түтін байқалған жағдайда, уақыт жоғалтпай, «101» немесе «112» нөмірлеріне хабарлау қажет.

Хромтау ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі.



БІР ҰШҚЫН — ҮЛКЕН ҚАУІП!

Өрт — адам өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ мүлікке зор қауіп төндіретін төтенше жағдайлардың бірі. Өкінішке қарай көптеген өрт оқиғалары тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын сақтамауының салдарынан болады. Бір сәттік немқұрайлылықтың соңы орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін.

Тұрғын үй секторында болатын өрттердің негізгі себептерінің бірі — электр желілері мен электр құралдарын пайдалану талаптарының бұзылуы. Ескірген немесе ақауы бар электр сымдары, бір розеткаға бірнеше қуатты электр құралдарын қосу, ұзартқыштарды шамадан тыс жүктеу, сондай-ақ электр құрылғыларын қараусыз қалдыру өрттің шығуына себеп болады.

Сонымен қатар пешпен жылыту жүйелерін дұрыс пайдаланбау, мұржалардың уақытылы тазаланбауы, ашық отты абайсыз қолдану және балалардың отпен ойнауы да өрттің туындауына әсер етеді. Темекі тұқылын толық сөндірмей тастау, майшамдарды қараусыз қалдыру немесе жанғыш заттарды жылыту құрылғыларының жанына қою да аса қауіпті.

Өрттің алдын алу — әрбір азаматтың міндеті. Ол үшін мынадай қарапайым, бірақ маңызды қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет:

- электр желілері мен электр құралдарының техникалық жағдайын үнемі бақылаңыз;
- ақауы бар электр құрылғыларын пайдаланбаңыз;
- бір розеткаға бірнеше қуатты электр құралдарын қатар қоспаңыз;
- үйден шығар кезде электр құрылғыларын міндетті түрде өшіріңіз;
- балаларды сіріңкемен, шақтақпен және басқа да от көздерімен ойнауға жол бермеңіз;
- пеш пен мұржаны жылыту маңысы басталар алдында тексеріп, уақытылы тазалаңыз;
- жанғыш материалдарды пеш пен жылыту құрылғыларына жақын сақтамаңыз;
- тұрғын үйде бастапқы өрт сөндіру құралдарын, әсіресе өрт сөндіргішті ұстаған жөн.

Өрт шыққан жағдайда ең алдымен сабыр сақтап, адамдарды қауіпсіз жерге шығару қажет. Егер өрт бастапқы кезеңде болса және өмірге қауіп төндірмесе, оны өрт сөндіргіш немесе басқа қолда бар құралдармен сөндіруге болады. Алайда өрттің көлемі ұлғайған жағдайда өз бетіңізше әрекет етуге болмайды. Мұндай кезде дереу «101» немесе «112» нөміріне хабарласып, құтқару қызметін шақыру қажет.

Түтін басқан ғимараттан шығу кезінде еңкейіп немесе еңбектеп қозғалған дұрыс, өйткені улы түтін жоғары қабатта көбірек жиналады. Мүмкіндігінше ауыз бен мұрынды дымқыл матамен жауып, лифтіні пайдаланбай, баспалдақ арқылы эвакуацияланған жөн.

Өрттің алдын алу — тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Өрбір отбасы қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін ерте жастан үйретуі қажет. Үйдегі қарапайым сақтық шаралары адам өмірін сақтап, материалдық шығындардың алдын алады.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтап, өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қараңыз. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы көптеген қайғылы оқиғалардың алдын алуға болады.

Хромтау ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Хромтау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

МОСКИТ ТОРЫ ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛЫ ЕМЕС!

Жаз мезгілінің басталуымен бірге балалардың терезеден құлау оқиғаларының саны арта түседі. Көп жағдайда мұндай қайғылы жағдайлар ата-аналардың балаларды қараусыз қалдыруынан немесе қауіпсіздік талаптарының сақталмауынан болады. Өкінішке қарай мұндай оқиғалар баланың ауыр жарақат алуына, мүгедектікке немесе өмірінен айырылуына әкелуі мүмкін.

Көпшілік москит торы қауіпсіздік құралы деп ойлайды. Алайда бұл — үлкен қателік. Москит торы жәндіктерден қорғауға ғана арналған және баланың салмағын көтеруге есептелмеген. Бала торға сүйенген сәтте ол орнынан шығып кетіп, қайғылы жағдайға себеп болуы мүмкін. Әсіресе 2 мен 7 жас аралығындағы балалар қауіп-қатерді толық бағалай алмайды. Олар ойын барысында орындыққа, үстелге немесе терезе алдына шығып, ашық тұрған терезеге жақындауы мүмкін. Сондықтан баланы үйде бір сәтке де қараусыз қалдыруға болмайды.

Осындай қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін әрбір ата-ана келесі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы қажет:

- * балаларды ашық терезесі бар бөлмеде жалғыз қалдырмаңыз;
- * москит торына сенбеңіз, ол қорғаныс құралы болып табылмайды;
- * терезелерге арнайы қауіпсіздік бекіткіштерін немесе ашылуын шектейтін құрылғыларды орнатыңыз;
- * терезе алдына балалар шығып кетуі мүмкін жиһаздарды жақын қоймаңыз;
- * балаларыңызға терезенің қауіпті екенін үнемі түсіндіріп отырыңыз;
- * баланы аға-әпкелерінің қарауына қалдырғанда да олардың жауапкершілігін ескеріңіз.

Егер жазатайым оқиға орын алып, бала терезеден құлап кетсе, ең алдымен жедел медициналық көмекке және құтқару қызметіне хабар беру қажет. Зардап шеккен баланы дәрігерлер келгенге дейін орынсыз қозғалтпай, оған алғашқы көмек көрсетуге тырысу керек. Әрбір секундтың маңызы зор екенін ұмытпаған жөн.

Балалардың қауіпсіздігі — ата-ананың, қоғамның және әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі. Қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы көптеген қайғылы жағдайлардың алдын алуға болады.

Балалардың өмірі мен денсаулығына бейжай қарамайық. Әрбір ата-ана қауіпсіздік талаптарын сақтап, балаларды үнемі бақылауда ұстауы қажет. Сақтық — қауіптің алдын алудың ең тиімді жолы. Сондықтан аудан тұрғындарын балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөліп, қайғылы оқиғалардың алдын алуға шақырамыз.

Хромтау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

«ХРОМТАУТРАНСЭНЕРГО» ЖШС

2026 жылдың жарты жылдық қорытындысы бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «ХромтауТрансЭнерго» ЖШС қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында келесі реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша өткізетіні туралы хабарлайды:

- суды тарату желілері арқылы беру;
 - жасыл желектерді суару үшін тарату желілері арқылы су беру;
 - су бұру;
 - жылу энергиясын беру, бөлу және өткізу.
- Тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есеп жария тыңдау нысанында өткізіледі.
- Жария тыңдау 2026 жылғы 27 шілдеде сағат 15:00-де Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Көкезек көшесі, 15 мекенжайы бойынша өтеді.
- Жария тыңдауға қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы есеп «ХромтауТрансЭнерго» ЖШС-нің Instagram әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында онлайн-трансляция ұйымдастыру арқылы да жүргізілетін болады:
- <https://www.instagram.com/khromtautransenergo/>.

ТОО «ХРОМТАУТРАНСЭНЕРГО»

информирует о предстоящем проведении отчета по итогам полугодия 2026 года об исполнении утвержденной тарифной сметы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижении показателей эффективности деятельности ТОО «ХромтауТрансЭнерго» перед потребителями и иными заинтересованными лицами по следующим регулируемым услугам:

- подача воды по распределительным сетям;
 - подача воды по распределительным сетям для полива зеленых насаждений;
 - водоотведение;
 - передача, распределение и реализация тепловой энергии.
- Отчет перед потребителями и иными заинтересованными лицами проводится в форме публичного слушания.
- Публичное слушание состоится 27 июля 2026 г. в 15.00 ч. по адресу: Актобинская область, г. Хромтау, ул. Кокозек, 15.
- В целях обеспечения беспрепятственного доступа участников публичных слушаний отчет перед потребителями и иными заинтересованными лицами также будет проводиться с организацией онлайн-трансляции на официальной странице ТОО «ХромтауТрансЭнерго» в социальной сети Instagram: <https://www.instagram.com/khromtautransenergo/>.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Открыто наследственное дело на имя Хабаровой Людмилы Семеновны 28 июня 1942 года рождения, умершей 12 марта 2026 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Есет баты, 4 к нотариусу Хайруллинну Е.К.

Открыто наследственное дело на имя Бримова Бақытжана Ербулатовича 06 августа 1968 года рождения, умершего 27 января 2026 года. Наследникам следует обратиться по адресу: г. Хромтау, ул. Абая, 1 к нотариусу Козбагарову К.К.

Пропуск на имя Карамурзина А.А. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Турлыбекова Н.Н. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Алимбай А.К. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Габадрахманова Э.Р. в связи с утерей считать недействительным.

Пропуск на имя Кударова Д.М. в связи с утерей считать недействительным.

ХАБАРЛАНДЫРУ

14.08.2026 ж. сағат 15:00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Ақжар ауылы, Әйтеке Би көшесі, 67, Мәдениет үйі мекенжайы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОӘБ); рұқсат етілген шығарындылар нормативы (РШН); қалдықтарды басқару бағдарламалары (ҚББ); экологиялық бақылау бағдарламалары (ЗББ); "РФ шекарасы (Самараға)" Республикалық маңызы бар М-32 автомобиль жолын реконструкциялау кезінде кірме жолдары бар №2,3,1,3,2,5 топырақ резервтерінде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде "СП Сине Мидас Строй ЖШС бұзылған жер учаскелерін рекультивациялау" к табиғат қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІ)) - Шымкент" Ақтөбе-Қарабұтақ-Ұлғайсын учаскесі", 763-1025 км, Хромтау ауданының аумағындағы 719-819 км учаскесі.

Жобаның тапсырыс берушісі - "СП "Сине Мидас Строй" ЖШС, БСН 060340007296. Занды мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі 9/2.

Жобаны әзірлеуші - "Еco-Logic" ЖҚ, Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1,21, тел: 87077231069. Әсер ету аумағы-Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Ақжар ауылдық округі.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: топырақ резерві №2: 1 - 50°16'04.4770", 57°56'15.1880"; 2-50°16'02.0915", 57°56'26.4279"; 3-50°15'45.6938", 57°57'00.2231"; 4-50°15'42.1861", 57°56'55.9892"; 5-50°15'58.5496", 57°56'07.2579" Грунтовой резерв №3: 1-50°15'24.8969", 58°01'30.0344"; 2- 50°15'36.4428", 58°01'47.8324"; 3 - 50°15'07.5475", 58°02'27.4864"; 4-50°14'57.7923", 58°02'07.2285" топырақ резерві №5: 1-50°13'18.9237", 58°11'34.7548"; 2-50°13'06.6636", 58°11'41.2031"; 3-50°13'01.5137", 58°11'17.2389"; 4-50°13'13.7764", 58°11'10.7971".

Әсер ету аумағы жұмыс жүргізуге белгіленген аумақпен шектеледі.

Жоба материалдарымен ҚО ТРЖ ҰДБ порталдың (<https://ndbecology.gov.kz/>) және "Ақтөбе облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ сайтында "Қоғамдық тыңдаулар"бөлімінде танысуға болады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Қазақстан Республикасы, 100008, Қарағанды қ., Жамбыл к-сі, 1,21, e-mail: dr.hadron@mail.ru, тел. 87085228255

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады: порталда ndbecology.gov.kz

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Интернеттегі байланыс сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>, конференция идентификаторы: 234 938 7375, код: 1ed70s.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

14.08.2026г. в 15:00 в селе Акжар, Хромтауского района, Актобинской области, по адресу: с.Акжар, ул.Айтеке Би, 67, дом культуры, проводится общественные слушания в форме открытого собрания по материалам: Раздел Охраны Окружающей среды (РООС); Нормативов допустимых выбросов (НДВ); Программы управления отходами (ПУО); Программы экологического контроля (ПЭК); План природоохранных мероприятий (ППМ) к «Рекультивация нарушенных земельных участков ТОО СП Сине Мидас Строй» при добыче общераспространенных полезных ископаемых в грунтовых резервах №2,3,1,3,2,5 с подъездными дорогами при реконструкции автомобильной дороги республиканского значения М-32 «Граница РФ (на Самару)-Шымкент» участок Актобе-Карабута-Улғайсын», км 763-1025, участок км 719-819 на территории Хромтауского района».

Заказчик проекта – ТОО “СП «Сине Мидас Строй», БИН 060340007296

Юридический адрес: г.Актобе, ул.Смагулова 9/2.

Разработчик проекта – ИП «Еco-Logic», Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Жамбула, 1,21, тел: 87077231069.

Территория воздействия – Актобинская область, Хромтауский район, сельский округ Акжар.

Географические координаты угловых точек участка: Грунтовой резерв №2: 1 - 50°16'04.4770", 57°56'15.1880"; 2-50°16'02.0915", 57°56'26.4279"; 3-50°15'45.6938", 57°57'00.2231"; 4-50°15'42.1861", 57°56'55.9892"; 5-50°15'58.5496", 57°56'07.2579" Грунтовой резерв №3: 1-50°15'24.8969", 58°01'30.0344" ; 2-50°15'36.4428", 58°01'47.8324"; 3 - 50°15'07.5475", 58°02'27.4864" ; 4-50°14'57.7923", 58°02'07.2285" Грунтовой резерв №5: 1-50°13'18.9237", 58°11'34.7548"; 2-50°13'06.6636", 58°11'41.2031"; 3-50°13'01.5137", 58°11'17.2389"; 4-50°13'13.7764", 58°11'10.7971".

Территория воздействия ограничена территорией, определенной под ведение работ.

С материалами проекта можно ознакомиться на портале НБД СОС и ПР (<https://ndbecology.gov.kz/>) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Актобинской области» в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию можно получить по адресу: Республика Казахстан, 100008, г. Караганда, ул. Жамбула, 1,21, e-mail: dr.hadron@mail.ru. Тел. 87085228255

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний: на портале ndbecology.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:

<https://us06web.zoom.us/j/2349387375?pwd=CJqL7z9DzLiBOeaM9onUHFFbXGQsSO.1>, идентификатор конференции: 234 938 7375, код: 1ed70s.

Хромтау

Директор-редактор Қуандық РЕЙМОВ

Меншік иесі «Хромтау» газеті редакциясы» ЖШС

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылдың 22 желтоқсанында тіркеліп №15026-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Редакцияға түскен қолжазбалар қайтарылмайды. Кей суреттер интернеттен алынады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Редакция мекенжайы:

Хромтау қаласы, Куразов көшесі, 9
телефон: 27-745

Газет басылды:

**«ASU» баспа үйі,
«Сыр медиа» ЖШС-і баспаханасы.
Қызылорда қаласы,
Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А»
Баспахана телефоны: 87242/400668.**

Газет аптасына бір рет шығады.

Тарапымы 1110 дана. Тапсырыс №1147

Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65520